

№6 Хромтау гимназиясы қамқоршылық кеңесінің отырысы

Хаттама № 5

Өткізілген күні: 10.09.2019 жыл

Қатысушылар саны: 10

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

1. 2019-2020 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспарын бекіту;
2. «Мектепке жол» акциясының қорытындысы;
3. Сабақ кестесі-Жаржанова Ж ;
4. №6 Хромтау гимназиясының әлеуметтік төлқұжаты, өгей ата-аналармен тәрбиеленетін білім алушылар туралы мәлімет-Мукашева Г.О;
5. Қамқорлық жәрменкесі туралы-Максимова Г;

Қаралды:

*Негізгі мәселе бойынша кеңес төрағасы Изтлеуов Ермек:*

Білім алушылар бірыңғай мектеп формасын талапқа сай киеді. Сонымен қатар білім беру ұйымдарына алып кіруге тыйым салынған заттар бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, рейдтер жүргізілді. 2019-2020 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспарымен таныстырып, ұсыныс, пікірлері тыңдалып, бірауыздан бекітілді.

*Екінші, үшінші мәселе бойынша Максимова Гүлнұр/әлеуметтік педагог/:*

Биылғы «Мектепке жол» акциясында 11 білім алушы 174290 теңгеге киіндірілді. Балаларға гимназия ұстаздары, аудандық «Нұр» мешіті, «Әйгерім+» сауда үйі, «Смешные цены» сауда үйі, ЖК Бекбулатова А, ЖК «Азамат-Аманат» қолдау көрсетіп, демеушілік жасады. Балалар сабаққа толық келіп отыр. Гимназияның әлеуметтік төлқұжаты жасалды. Көп балалы отбасылар саны-64, өгей әкемен тәрбиеленетін отбасылар саны-9, қамқорлықтағы бала саны-1, әлеуметтік көмек алатын отбасы саны-5, ыстық тамақпен қамтылғандар-8. Жеке кәсіпкер тарапынан-7, мүмкіндігі шектеулі бала саны-10, оның ішінде мүгедек білім алушы-8, даму мүмкіндігі шектеулі-2, үйде оқылатыны-2, ерекше білімді қажет ететіндер-3.

*Үшінші мәселе бойынша гимназия директорының орынбасары Жаржанова Ж:*

Сабақ кестесін құруда ҚР Ұлттық экономика министрінің 2017 жылғы 16 тамыздағы № 611 бұйрығымен бекітілген "Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидалары негізге алынды. Оқушылар мен тәрбиеленушілердің оқу жүктемесі, сабақтар режимі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары, санитариялық-эпидемиологиялық қағидалар мен нормалар, денсаулық сақтау және білім беру органдарының оқу жоспарлары мен ұсынымдары негізінде дайындалды. Аталған қағиданың талаптарын ескере отырып 2019-2020 оқу жылындағы 1-11 кластар сабақ кестесін құрған кезде бір күн және бір аптаның ішіндегі оқушылардың ақыл-ой еңбегіне қабілеттілік серпіні ескерілді. Санитариялық қағидаларға 3, 4-қосымшаға сәйкес қиындық бойынша пәндерді саралау кестесі, жалпы білім беретін ұйымдардағы оқу жүктемесінің нормалары сақталды.

1. Мектепке дейінгі сыныптар күннің ІІ –жартысында оқитындықтан оларға арналған күн режимі аталған қағиданың 2-қосымшасы негізінде жасалды.

2. Сабақ кестесі міндетті және факультативтік сабақтар үшін жеке жасалып, факультативтік сабақтар міндетті сабақтардың саны барынша аз күндері жоспарланды.

3. Сабақтың ұзақтығы 40 минут. Бірінші сыныптарда оқу жүктемесін қыркүйекте үш сабақ 35 минуттан, қазаннан бастап 40 минуттан.

4. 2019-2020 оқу жылының сабақ кестесі, факультатив, гимкомпонент, үйірмелер, электив курстар, мектепке дейінгі сыныптар сабақ кестелері ата-аналар комитетінің және қамқоршылық кеңесінің төрағасымен келісіліп, гимназия басшысымен бекітілді.

*Төртінші мәселе бойынша гимназия директоры Мукашева Г.О.:*

Бүгінгі таңда гимназияда білім алушылар саны-656. Оның ішінде көп балалы отбасылар саны-64. Бір ата-анамен тәрбиеленетіндер-38. Өгей әкемен тұратын отбасы-9, ата-анасым мүгедек отбасы-2, қамқорлықтағы балалар саны-1, атаулы көмек алатын отбасы саны-5. Ыстық тамақпен қамтылған балалар саны-8. Мүмкіндігі шектеулі білім алушылар-10. Сәтсіз отбасы жоқ.









*Бесінші мәселе бойынша әлеуметтік педагог:*

Отбасы күні аясында «Жылы жүрек – жомарт қол» атты қайырымдылық жәрмеңкесі өткізілді. Барлығы -77300 тенге қаржылай түс, екі крассовка түсті. Қаржыны демеушілік есеп шотқа аудардық. Аталған шараға ата-аналар, ұстаздар, білім алушылар қатысты.

Шешім қабылданды:

1. Мектепте бірыңғай мектеп формасы сақталсын;
2. "Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын негізге ала отырып жасалған сабақ кестелері бойынша сабақтар өткізілсін;
3. Білім алушылардың ыстық тамақпен қамтылуы бақылауға алынсын;
4. Қауіпсіздік шаралар туралы ақпараттық бұрыш шығарылсын.

Кеңес төрағасы:  Изтлеуов Ермек

Кеңес мүшелері:  Реймов Қуандык  
 Айгүл Тулеуовна  
 Тенірбергенова Бакыт  
 Ракишева Жайнагүл  
 Садуакасова Лаура  
 Омарова Шолпан  
 Уринбасаров Серик  
 Есентаев Нұран

Хатшы:  Дошанова Ақзира

***Қамқоршылық кеңестің отырысын шақыру туралы хабарлама***

10 қыркүйек күні сағат 18.00-де №6 Хромтау гимназиясының рухани жаңғыру кабинетінде Қамқоршылық кеңестің 2019-2020 оқу жылындағы алғашқы отырысы болады .

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

1. 2019-2020 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспарын бекіту;
- 2.«Мектепке жол» акциясының қорытындысы;
3. Сабақ кестесі-Жаржанова Ж ;
- 4.№6 Хромтау гимназиясының әлеуметтік төлқұжаты, өгей ата-аналармен тәрбиеленетін білім алушылар туралы мәлімет-Мукашева Г.О;
- 5.Қамқорлық жәрмеңкесі туралы-Максимова Г;